

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VI том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,  
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)  
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

**Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

**Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

**Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділі

**Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Бисенғали**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-  
әділ; жауапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.  
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)**

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Респуб-  
ликасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» топқауымен ашылған. Алтыншы  
томға абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген таңдамалы еңбектер арнайы топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен  
білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың  
дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы  
аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӨОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

## АБАЙДЫҢ АУДАРМА ЛИРИКАСЫ

Абай шығармашылығы – әдебиеттің, мәдениеттің ауқымынан анағұрлым асып кететін ғажайып құбылыс. Кейде ойлап отырсаңыз, Абай біз үшін акын да, философ та, аудармашы да, композитор да емес, бәрінен бұрын өзіміздің жанымызға соншама жақын адамымыз, ағайынымыз ба, туысқанымыз ба, ағамыз ба, атамыз ба, әйтеуір бір жақсы танитын адамымыз сияқты. Сол адаммен талай рет кездесіп, сөйлескен, сырласқан, талай рет ақылын алғандаймыз, ал кейде не балалықпен, не шалалықпен алмай кеткендейміз. Қуансаң да, қиналсаң да Абайдың алдына барасың. Жар сүйіп, бала сүйіп қуансаң да, жақыныңның азасына күйіп, қайғырсаң да Абай жаныңнан табылады.

Халқымыздың ұлы акынға құрметі біздің «Абай атамыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрініп тұр. Абай – ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі. Егер әрбір қазақ баласы ауық-ауық болса да, Абай томын қолға бір алып қойып, бір өлеңін болса да, қайталап оқып отырса, өзіне-өзі Абай алдында іштей есеп берсе, «Қалай өмір сүріп жатырмын осы? Абайдың айтқан ақылын алдым ба, жасаған сынынан қорытынды шығардым ба, шық деген биігіне ұмтылдым ба, адам атын ақтайтындай не істедім мен өзім?» дегендей ойға түсіп тұрса, қазақтың бағы баяғыда жанып, ортақ үйіміздің түтіні де түзу ұшар еді-ау деп те қиялдайсың. Бұл ойымызды Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен қуаттай түсе аламыз: «Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау

қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз заманының шым-шытырық қайшылықтарға толы шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсиретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіңдердің бәрінен жоғары тұра білді. Ұлықтарды ұнатпағанымен, көрші орыс халқына, басқа да халықтарға зор ілтипатпен қарады. Патшалық билікті мансұқтағанымен, ұлы орыс мәдениетінен тәлім алды. Аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адам баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, біртұтас құбылыс ретінде қарастырды. Дала өмірін түзету үшін толассыз жетіліп, толассыз шындалып жатқан адамзаттық қауымдастықтың тыныс-тіршілігіне үнілу қажет болды» [1].

Осы жолда, «адамзаттық қауымдастықтың тыныс-тіршілігіне үңілген» тұста Абайдың айрықша назары түскені – А.С. Пушкиннің «Евгений Онегині». Тамаша суреткер, сырлы сыншы Тәкен Әлімқұлов «Жұмбақ жан» атты тамаша кітабында Абайдың «Евгений Онегинге» қалай келгенін қысқа қайырып айтып өтеді: «Абайға дәуірлік, шежірелік, қатпарлы, қыртысты үлгі керек болды. Осы ретте ол «Орыс өмірінің энциклопедиясына» баланған «Евгений Онегинді» таңдады. Орыстың әдеби ілімінде «басы артық адам» атанған образдар Абайға іштей бауырласты. Үстем қауыммен қақтығысуға дәрмені жоқ, дүниеден торыққан Онегин Пушкинге қандай сырлас болса, Абайға да сондай мұңдас еді. Оның «Евгений Онегин» романынан үзінді аударуында осындай гәп бар» [2, 85]. Орынды ой.

Н.А. Добролюбов Пушкиннің адамзат алдындағы басты еңбегі бүкіл әлемге «орыстың болмыс-бітімін ашып бергені» [3, 485] деп санаған болса, ақынның сол еңбегі бәрінен бұрын

осы «Евгений Онегин» романында айрықша танылады. Ақын бұл шығармасын сегіз жылдай жазғаны мәлім. Сол жылдардың бәрінде де бүкіл Ресейдің сауатты жұрты өзінің ойын ақын ойымен астастырып, роман кейіпкерлерінің тағдырымен тыныстап келген. Шығарманың кеңінен жайылған панорамасынан оқырмандар күнбе-күн көз алдынан өтіп жатқан кәдуілгі өмірдің поэтикасын сезініп, кейіпкерлердің мінез бітімінен өздерін, таныстарын, көршілерін танып жататын, айналадағы табиғатты, астананы, деревняны жаңадан көргендей, соның бәріне жанаша қарап, ақынның байқағыштығына, сезгіштігіне, сергектігіне, шеберлігіне таң-тамаша қалатын. Романның әр тарауы журналдарда жарияланған сайын Пушкиннің орыстың бірінші ақыны деген атағы орныққан үстіне орнығып, көзі тірісінде-ақ оның шын классик екендігін, даусыз данышпан екендігін замандастарының өзі-ақ біліп, мойындап болған еді.

Не мысль гордый свет забавить,  
Внимание дружбы возлюбя,  
Хотел бы я тебе представить  
Залог достойнее тебя,  
Достойнее души прекрасной,  
Святой исполненной мечты,  
Поэзии живой и ясной,  
Высоких дум и простоты;  
Но так и быть – рукой пристрастной  
Прими собранье пестрых глав,  
Полусмешных, полупечальных,  
Простонародных, идеальных,  
Небрежный плод моих забав,  
Бессонниц, легких вдохновений,  
Незрелых и увядших лет,  
Ума холодных наблюдений  
И сердца горестных замет.

Романын осылайша айшықты арнаумен бастап, адамдық, азаматтық, ақындық арман-аңсарын айқара ашып, жүрегін жарып туған жырының барар биігін белгілеп, айтарын айқындап алған ақын бірте-бірте өмірдің өзіндей шалқар айдынға шығып,

шабытты тілмен поэзия кестесін төге береді, төге береді... Романды тым болмаса бір рет оқып шыққан адамға «Евгений Онегиннің» қадыр-қасиетін айтып жату артық әурешілік, әрине. Пушкиннің туғанына 150 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте Д.Д. Благой «жаңа дәуірдегі сөз зергерлерінің арасынан көркемдік келісімі мұншама кемеліне келген, сөзбен салған суретінің бейнелілігі, жарқындығы жағынан, сыртқы құрылымының геометрия заңдылығымен сызып шыққандай мінсіздігі, алабөтен талғампаздығы, ненің болса да өлшемін білетіндігі, шығармасының барша бөлігінің бір-бірімен үйлесіп жататындығы жағынан» Пушкинмен теңдесетін басқа адам табылмайтынын атап айтқан [4, 49]. Мұндай пікірлерді қай кітаптан да суырып алып, алға сала беруге болады. Басқа емес, дәл Әбіш Кекілбаевтың «әлемдік әдебиетте теңдесі жоқ туынды» деп басқаны емес, дәл осы «Евгений Онегинді» атағаны көп жайды аңғартады: «Оның ең басты рухани ерлігі – әрине, «Евгений Онегин». Оны «орыс өмірінің энциклопедиясы» деген Белинскийге дау айту орынсыз. Ұлы ақынның өз талантының ұлттық табиғатын мейлінше жарқыратып ашқан шығармасы екені рас. Алайда әлемдік әдебиетте теңдесі жоқ бұл туындының қайталанбас маңызы өз тұсындағы өмір шындығын қанын сорғалатып қаз-қалпында жеткізе алғандығымен ғана шектелмейді. Бір кезде Наполеонды күйретіп дүние жүзі алдында абыройын бір асырып, сол арқылы бостандық сүйгіш идеяларға да бой ұрып, бір желпініп қалған орыс қоғамының ойда-жоқта озбырлықтың таяғына өзі сүйкеніп, маңдайын тасқа соғып, енді не істерін білмей есеңгіреп қалған дағдарыс кезеңінің рухани трагедиясы туғызған талай шырғалаң сұраққа жауап тауып бере алатындай бұл шығарманың әлеуметтік астары қатпар-қатпар. Оны өлеңмен жазылған романның фабулалық желісінен де, ақынның өзі «әншейін мылжың әңгіме» деп әзілдеген лирикалық шегіністерден де бірдей іздеген жөн» [5, 409]. Иә, романның әр тұс-тұсында жасырылған жұмбақ жетіп артылады. Әсіресе, оныншы тараудың түйіні әлі күнге тарқатылған емес. Цензураның тінтуінен сескеніп, шифровка күйінде қағазға түсірілген ол тарауды талдауға анау-мынау әдебиетшінің

тісі бата бермейтіні де бекер емес. Ф.М. Достоевскийдің: «Пушкин әбден күш-қуаты толысқан дер кезінде дүние салды. Және қайсы бір ұлы құпиясын өзімен бірге табытына салып ала кетті. Енді, міне, біз сол құпиясын өзі жоқта аша бастадық» [6, 151], – дейтіні сондықтан. Не айтса да басқаға ұқсатпай айтатын М.М. Бахтин роман табиғатын сөз ете келіп, «шығармаға қосылған өлеңдер авторлық интенцияларды өзгеріске түсіреді, мысалы, «Евгений Онегиндегі» Ленскийдің «Барасың қайда, қайда болмай маған» деп басталатын өлеңі осындай» [7, 140], – деп бір қызық ой тастайды. Өзі өлеңмен жазылған романға «қосылған өлең» дегені несі? Мұның да мәні бар. «Евгений Онегин» көлеміне байланысты роман аталмаған. Ол жағынан қарасаңыз, мысалы, «Жолбарыс тонды жиһанкез» нағыз өлеңмен жазылған романның өзі болып шығар еді. Ал ол – поэма. Мәселе көлемде емес. Мәселе Пушкиннің қолынан шын мәнінде «өлеңмен жазылған роман» шыққанында. Мәселе Пушкин қаламынан өмірдің өзіндей сан алуан қыры бар, қатпар-қатпар қыртысы бар, полифониялық үні бар туынды дүниеге келгенінде. «Евгений Онегин» – стилистикалық құрылымы жағынан да нағыз роман. Әрбір роман белгілі бір дәрежеде әрі нақпа-нақ, әрі сана-сезім тілінен ажырағысыз «тілдер» мен стильдер бейнесінің диалогқа құрылған жүйесі», деп санайтын сол М.М.Бахтин: «Евгений Онегин» – дәуірдің стильдері мен тілдерінің энциклопедиясы» [7, 142], – деген. Автор одан әрі бұл пікірін: «Онегиннің Байрон мен Шатобрианша сөз саптайтын тілі, деревня қызы Татьянаның Ричардсонға еліктеген тілі, Лариндер усадьбасының уездік-тұрмыстық тілі, Татьянаның Петербургтегі тілі мен өмір сүрген ортасы, сондағы басқа да тілдер, олардың арасында автордың шығарманың өн бойында талай өзгеріп отыратын сан түрлі төлеу тілдері де бар», – деп дәлдей түседі. Пушкин романын аударудың қосымша қиындығы да осында – шығарманың өн бойында неше түрлі «тілдермен» жырлауға тура келетінінде.

Абайдың тұсындағы қазақ оқырманы мұндай күрделі шығарманы осы күйінде, осы көлемімен қапысыз қабыл ете қалмайтын. Мәселе, бұрын үйреншікті әдетпен жаза беретіміздей, «оқырман-

ның әлі дайындығы жоқтығында» ғана емес. Мәселенің мәнісі ол кездегі әдеби дәстүрдің басқаша екендігінде. Дала төсіндегі тіршілікте жігіт пен қыздың хат алысып, хат берісуінің қандай романтикалық сипаты бар екенін дәл сезінген Абайдың Пушкин шығармасынан «эпистолярлық роман» (М. Әуезов) жасауға ұмтылғаны да сондықтан. Жалпы, Абай Пушкин романының жеке-леген тұстарын ғана аударды, алдымен қазақ ұғымына жақынырақ сарындарды пайдаланды деген ойды негізінен құптай отырып, бұл тезистің өзінде де ойланатын тұстары бар екенін айтуға болатындай. Ал кезінде «Евгений Онегин» Абай аудармасында» деген атпен мәнді мақала жазған Мұратбек Бөжеевтің: «Евгений Онегиннің» Абай қайсыбір жеріне ғана көз салған» [8, 211], – дегенін, тегі, қағазға асығыстау түсіп қалған сәтсіз сөйлем деп қабыл алған жөн шығар. Абайдың Пушкин романын егжей-тегжейлі білгені ешқандай күмән туғызбайды. Сол сияқты Мұхамеджан Қаратаевтың: «Аудару Абайдың Пушкиннен оқуының бірінші сатысы, ол оқуы ұлы орыс ақынының мұрасын өз бетімен талқылап оқу мақсатына бағынған» [8, 157], – деген сөзі де бүгінгі талғампаз танымымызға татымайтыны талассыз. «Өз бетімен талқылап оқу» арқылы (неше «сатыдан» өтсе де) ешкім данышпандық биікке көтеріле алмақ емес. Бұл – әрине, сол кездегі жалпы түсініктің көрінісі. Жұмағали Ысмағұловтың: «Абай жөніндегі кейбір зерттеулерде ертедегі Шығыс жұлдыздары, сонсоң Байрон, Гете сияқты Батыс ақындары, оларға жалғас орыс қаламгерлері – сонау Крыловтан бастап, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Салтыков-Щедрин, Белинский, Чернышевский, Добролюбовтарға дейін – түгел тізбектеліп келеді де, қазақтың жалғыз классигі солардың барлығына шәкірт болып шығады» [9, 22-23], – деп шамданса шамданатындай жөні бар. Абай солардың бәрінен үйренді деу расында да артық, дегенмен, Пушкиннен үйренгені, оның өзінде «шәкірт» болып емес, тең тұстас, қаламдас болып қатарласа, өнер салыстыра, жарыстыра, жыр қашай жүріп үйренгені талассыз. Және бұл намыс көретін нәрсе де емес.

Не болса да өзімді  
Тапсырдым сізге налынып.



Толтырып жасқа көзімді,  
Есірке деймін жалынып... –

деп келді де, Әйгерім тоқтап болмастан өксіп жылап жіберді, тына қалды. Үй-іші де жым-жырт. Абай құп-қу боп, екі көзі шарасынан шыға үлкейіп, бар денесі тоңази дірілдегендей, қабак шытып қалды. Қатарында отырған Әйгерімді қатты қысып құшақтай алып, жасты көзінен ұзақ сүйіп алды.

– Әйгерім! Асылым! Әніңмен, жасыңмен қайта таптың ба! Татьянаның әні, наз-мұңы сенің де жүрегіңнің шыны боп шықты-ау көңіліңнен! – деген еді.

Екеуінің де айналасындағы жас достар қауымы да бұлардың күйін соншалық жақсы ұғынды.

– Қайран Татьяна, қазақ қызынан да мұндасыңды таптың ба! Талай шыншыл жасқа тіл бітіресің-ау! – деген еді Ысқақ.

Осылайша 1887 жылдың қысында, орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш қадам басты.

Өзі тыңдаушысын ұйытқан қадірлі акын болды. Татьянасы қазақ жасының жүрек сезіміне бұрын қазақ сөзімен айтылып көрмеген көркем, шебер тіл бітіріп, жандай жақын туысы бола келіп еді».

«Абай жолында» осылай жазылған.

Қазақ мәдениетінің әлемдік өркениетке шындап кірігуі, қазақ мәдениетінің әлемдік өркениет жемістерін өз бойына шындап сіңіруі дәл осы оқиғадан басталады. Шындап дегенді қадап айтып отырғанымыз – әрине, Ұлы Жібек жолының бойында жатқан қазақ елі былай тұрсын, қандай ұлт пен ұлыстың да, дүние дидарының қай қиырында орналасқанына қарамастан, адамзат тарихының көшінен сырт қалмайтыны, өзгелер жасаған рухани қазынадан сусындамай қоймайтыны анық. Қазақ халқы да сондай әсер-ықпалды көп сезген. Әйтсе де, өркениет пен өркениеттің, халық пен халықтың араласып-құраласуы ең алдымен аударма арқылы жүзеге асатынын ескерсек, қазақ топырағындағы шын мәніндегі аударманың бастауында Абай тұратынын айтсақ, ұлы ақынымыздың тәржімешілік таланты Пушкиннің «Евгений Оне-

гин» романы тұсында тамаша танылғаны талассыз десек, сол 1887 жылды жалпы ұлт мәдениетінің тарихындағы бетбұрысты белес деп білгеніміз жөн екендігіне күмән қалмауға тиіс.

«Ауқымды аудармашылық дәуір дәл Абайдан бастау алады, мұның өзі – арнаулы зерттеуге лайықты мәселе. Ең алдымен өздерінің ұлттық жанрлық-стильдік талаптарына орай қандай әдебиетшілер қашан және кімді аударған? Осынау жергілікті сұранысқа қозғау салған не? Бұл проблема бүкіл әлем әдебиетіне тән, мұның өзі, түптеп келгенде, қай әдебиеттің де әлемдік әдеби үдеріс ағынындағы ұстанар бағытын белгілейді. Мұнан бұрын айтып өткеніміздей, жүріп өткен жолының бел-белестері тұрғысынан қарағанда әлдеқайда кемеліне келген әдебиеттердің тәжірибесіне арқа сүйеу әдебиеттің қалыптасуының өзінше бір заңы іспетті. Бұл сипаттағы арқа сүйеуді өз тамырымыздың тереңге кетпегендігінің белгісі деп білер болсақ, онда біз әлемдегі әдебиет атаулының бәрін дербестікке дәрменсіз деп бағалауға мәжбүрміз. Абай шығармашылығы жаңа қазақ әдебиетінің дербес даму жолы болғанына көзімізді жеткізеді», – дейді Айгүл Ісімақова [10, 88-89]. Дәл айтылған. Расында да, әлемде өзге әдебиеттердің әсер-ықпалынсыз ойдағыдай дамыған ұлттық әдебиет жоқ, болуы да мүмкін емес. Абайдың ұлылығы осыны дер кезінде сезінуінен де көрінеді.

Абайдың «Евгений Онегиннің» қадір-қасиетін дәл білуі де назар аударарлық. Романды В. Белинскийдің өзі әу баста құлай қабылдай қоймағаны, салқын, сынға құрылған мақалалар жазғаны, Пушкин өмірден өткен соң ғана өз көзқарасын өзгертіп, атақты топтамасын тудырғаны мәлім. Басқасын былай қойғанда, Татьянаның өз көңілін алғаш білдіріп, қыздың жігітке хат жазуының өзінен қазақ қауымы үшін орасан жаңалық көруі, батылдық табуы, ол бұл шешімнің ру билеген, жорық бастаған, пәренжі салмаған қазақ әйелінің жанына жат еместігін сергек сезінуі – Абай ойшылдығының тағы бір айғағы.

Романды Абай қалай аударған? Абай «Евгений Онегинді» тұтас аударған болуы да мүмкін!.. Иә, ақын көлемді романды аударудың осындай жолын таңдаса да ғажап емес. Мәселе мынада: дала төсінде Абай аудармаларын таратушылар Онегин-

нің сипатын суреттегенде, Татьянаның хатын әңдеткенде, оған Онегиннің жауабын баян еткенде, Онегиннің Татьянаға сөз салатын хатын айтқанда, Татьянаның жауабын шырқағанда, Ленскийдің бақұлдасуын келтіргенде, ақыр-аяғында Онегиннің өлердегі сөзін жырлағанда, сол аудармаларды, әрине, дәл Абайдың қазіргі шығармалар жинағындағыдай күйінде, үзік-үзік етіп жеткізбеген. Олардың бәрінің де ара-арасында баяғы араб мұхаддистерінің әдісімен роман оқиғасының ұзын-ырғасын баяндап қойып, «Сонан жаңағы жерде әлгі Онегин мен Ленский екеуі жекпе-жекте атысыпты дейді. Оны орыстар дүйелге шығу дейді екен. Құдай салмасын, сұмдық қой. Екеуі сәл болмаса бажа болайын деп тұрған адамдар. Мына біз ғой төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бажа тату дейміз. Қойшы, несін айтасың, ақыры сол дүйелде Онегин әлгі Ленскийді атып өлтіріпті. Ленский сабаз өлерінде былай деп қоштасқан екен...», деген сияқты сөз саптаумен өлең мен өлеңнің арасын жалғап, тыңдап отырған жұрттың түсінбей қалған жері болса түсіндіріп беріп, кәдуілгі роман тұрпатында баян етілген болуы да ғажап емес... Сол тұста Абай елінде осындай дәстүр орныққаны анық еді. Г. Потанин «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» деген атақты еңбегінде былай деп жазған: «Омбыда кадет корпусын бітіріп, қырдағы елі Семей төңірегіне барған бір қырғыздың («қазақтың» дегені) Өскенбай деген сұлтаны туралы мен мынадай әңгіме естідім. Ол кеш болса өздерінің жерлестерімен бас қосып отырып, өзінің орыс тілінде оқыған повесть, романдарының мазмұнын әңгіме қылатын көрінеді. Қырғыздар оны сүйсіне тыңдап, әлгі әңгімелерді еркін аударма түрінде жазып та алған. Мұнда Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Толстойдың т.б. шығармаларының мазмұны жазылған қолжазба кейін бірнеше дәптер болған. Кейде олар киіз үйде отырып алып, әлгіндей әдеби кештерде бұл еркін аудармаларды өзара талқыға салып, айтысатын көрінеді...» [11, 31] Г. Потанин бұл арада сәл жаңсақтық жіберген: ол тұста Семей өңірінде Өскембай есімді сұлтан болған емес, жалпы «сұлтан» шені қазақ даласында ресми түрде хандық билікпен бірге жойылған ғой – аға сұлтандық билік Өскенбай баласы Құнанбайда болатын. Демек,

бұл арада әңгіме аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев жөнінде және оның өзі емес, ақын Абайдың Пушкин, Лермонтов, Тургеневтерді орысша оқып, ауылдастарына әңгімелеп беретін білімді інісі Халиулла Өскенбаев туралы болып отыр. Бұлайша шатастырып алуға онша таңданудың да жөні жоқ: қазақ арасында Халиулла тұрмақ, Абайдың өзі де ең алдымен Құнанбай қажының баласы, аға сұлтан Құнанбай Өскенбаевтың ұлы ретінде белгілі болған. Абай орыс әдебиетінің асыл қазыналарымен ең басында осы інісі Халиулла арқылы танысқаны [12, 473] жақсы мәлім.

Қалай дегенде де Абай аудармалары арқылы сол кездегі қазақ оқырманы, тыңдаушы жұрт «Евгений Онегин» романының о жер, бұ жерінен ойып алынған үзінділермен емес, шығарманың ұзындығымен толықтай танысқаны талассыз. Ең бастысы, Абай аудармалары арқылы Пушкин романының дәл сол тарихи кезеңдегі қазақ қауымы үшін аса маңызды, ең басты сарындары, жаңашыл рухы халық жүрегіне жеткені сөзсіз. Абайдың Пушкиннен аудармаларының қазақ даласында қандайлық танымал болғаны жөнінде көп айтылған, көп жазылған. Біз оларды қайталап жатпай, қазірше жұртшылық назары ауа қоймаған бір басылымға сілтеме жасай кетпекпіз.

Пушкин аудармаларына қатысты жарияланымдарды сүзіп жүріп, «Әдебиет және искусство» журналының 1954 жылғы алтыншы санынан Берқайыр Аманшиннің «Татьяна хаты» Торғайда» деген мақаласын ұшыраттық. Онда «Қазақ даласында» (Дм. Львович. «По киргизской степи», издание Девриена, Петроград, 1914) атты көне кітаптан мынандай бір факті келтіріледі. «Құс қайтарда» атты очеркте (жалпы кітапта тоғыз очерк бар көрінеді) автор Құртамыз, Теректі деген көлдерге құс атуға шыққанда, Тусын болысына қарайтын жетінші ауылға барғанын айтады екен. Нұрпейіс дейтін адамның үйіне қонаға кеп түседі де, шайдан кейін Аблай Қарабатыров деген шалдың өлең айтқанын тыңдайды. «Аблайға домбырасы мен әніне шын көңілден ғажап қалғанымды айттым, сонсоң тағы бір ән салсаңыз және көңілдірек біреуін айтсаңыз деп өгіндім...», деп жазады екен автор. «Ол онша көп күттірген жоқ, домбырасын дереу қайта бұрап алып, бірнеше

рет төгілте қағып-қағып қалды да, жаңа әнді шырқай жөнелді, бұнысының әуені де алғашқы әндікіндей мұнды екен, бірақ сөзі қалай еді!.. Сөзі неткен тамаша еді!.. Шынымды айтайын, ілкіде өз құлағыма өзім сенбедім... Кәрі қазақ Татьянаның Онегинге жазған хатын айтқаны ғой... «Хат» та жұртқа сондай ұнады. Аблайдан бұл өлеңді шығарған кім екенін білмейсіз бе деп сұрадым: Оның айтуынша, солардың өздерінің бір өлеңшісі болып шықты... Шын авторы туралы ол, әрине, ештеңе де білмейді ғой...». Б. Аманшин осыны айтып келеді де: «Қырғыз даласында» кітабындағы бұл мәлімет Абай аудармасының Октябрь революциясынан бұрын-ақ Қазақстанның түкпір-түкпіріне түгел таралғанын дәлелдейді», – деп бір түйіп қояды. Дм. Львовичтің сол кітаптың тағы бір жерінде: «Қазақтарда мұндай поэзиялық шығармалар болады деп күтпеген ем; өлең қалтқысыз шын көңілден ескен үнше естіліп, адал, соны шабытқа толы болғаны соншалық, тіпті Доспай (үй иесі) менен: сіздерде, Россияда мұндай өлеңдер шығара ала ма деп сұрар ма екен деп қорықтым...» [11, 32], – дегені де мерейінді тасытады.

Абайдың «Евгений Онегиннен» аудармаларын сөздің тура мағынасындағы аударма деп санауға болмайтындығы жөнінде көп айтылған. Осы орайда Мұхтар Әуезов бұл тақырыпқа қилы-қилы пікір білдірген. Ертеректе, 1936 жылы жазылған «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» атты мақаласында Әуезовтің Абай аудармаларына тым қаталырақ қарап, қатқыл баға да берген кезі бар. «Абай Лермонтов, Крыловтың жақсы аудармашысы болса да және орыс классиктерінің Лермонтов үлгісіндегілеріне шын себеп аударушы бола алатындығын көрсетсе де, дәл Пушкин тұсында сондай еңбек етпеген сияқты. Пушкиннен оның жалғыз байқап көргені «Евгений Онегин» болса, Абай бұл шығарманы «Татьяна-Онегин» ғып әкетеді. Пушкинде Татьяна мен Онегиннің бір-бір хаты бар да, тағы екі рет ауызекі жауаптасуы бар болса, Абай осы төрт кездің барлығын да хат қып алады. Ол төрт хаттың ішінде Пушкиннен шын аударылған жері – Татьянаның алғашқы хаты. Содан басқа үш кездің үшеуін де Абай Пушкиннен аудармайды, соның сағасымен өзінше, Пушкиннен

өзгеше өлендер жазып кетеді. Қыз бен жігіттің арасын, мінез-құлықтарын да Абай Пушкиндікінен бөлек етіп, опасыз жігіт етпей үлгілі жігіт, биязы қыз етіп шығарды. Сүйіссең осылай сүйіс деген нәтиже шығармақ боп Пушкин шығармасының қонысын да, құбылысын да өзгертіп жібереді. Сондықтан тілдегі теңеулерінде де:

Қаймақ еді көңілімде,  
Бізге қаспақ болды жем, –

деген сияқты Татьянадай француз романын бойтұмар қып жүрген помещик қызына қазан қырғызып, қаспақ жегізіп қояды. Абай Татьянаның алғашқы хатының тұсында Пушкинге жақсы аудармашы бола алатындығын көрсетсе де, анығында «Евгений Онегиннің» аударушысы болмай, өзгертушісі болып шығады. Сондықтан, эрине, Пушкиннің бұл шығармасы аударылды деп санамай, бастан-аяқ қайта аудару керек. Және Абайдың бұл тұста қолданған әдісін теріс деп білу керек» [13, 271]. 1944 жылғы «Орыс классиктері және Абай» деген мақаласы да [14, 3-15] осы сарында: «Абай аударған «Евгений Онегин» – ол шығарманың өзі емес, Абайға керекті болған тұқылы ғана... Оның Онегині де, Татьянасы да Пушкиннің өзі айтқызған сөздерді оқта-текте ғана айтады. Бұлардың ой-сезімі де Абайша, кейде қазақ жастарының айтуынша шығады. Пушкин өлеңінің сыртқы әр алуан түрлерінен, әр түрлі өлшеу ырғағынан Абай екі-ақ түрді тұрақты белгі қып ұстайды. Оның бірі – өлең жолын жыр сияқты етіп 8 буыннан құрау. Екіншісі – Пушкиннің өзінде өзге ұқсастармен қатар, көбірек кездесетін шалыс ұйқасты алу. Одан басқа жақтарында Абай өз бетімен еркіндеп, Пушкиннен ойқақтап кетіп отырды». Дегенмен, мұның бәрін сол кездің өзінде жазушының түпкілікті бағасы еместігі аңғарылып тұратын. Жалпы, Мұқаң өмір бойы, әсіресе жанағы пікірін айтатын жылдарда, «байшыл ақын» деген аттан жаңа құтылған «ірі феодалдың баласы» Абайға «объективті қарайтынын, тиісті жерінде кемшіліктерін де көрсетіп отыратынын» ауық-ауық

дәлелдеп тұруға тиіс болғанын да ұмытпаған жөн. Сан түрлі себептерге байланысты дәйім бір сырын ішке бүгіп ұстаған, үнемі өз цензоры өз бойында жүретін Әуезов көркем шығармаға келгенде еркін көсіліп, «Абай жолында» Татьяна әнінің қазақ сахарасына қалай жеткенін айрықша ақындық шабытпен суреттегенін жоғарыда келтірдік. Жалпы, автордың басқа жанрда айтпаған сыры, бермеген бағасы оның көркем туындыларында айтылатыны, берілетіні жиі кездеседі. Романда Әуезов Абайдың Пушкиннен аударма жасаған тұсын былай келтіреді: «Сөйлеткен сайын Татьяна майда қоңыр үн тауып, бұл тілде де нәзік көркем күй толғап, ділмар жас шебер-шерлі боп барады. Қазір ұян майда қызға Пушкин жазғызған хат пен өзі жаздырған хатты салыстырады. Кей жерлері Пушкинше емес, қатандау. Бірақ ол оқушының шалалығына амалсыз берілген баж» [15, 303]. Автор романның сол тарауын Пушкиннің «Татьянасы қазақ жасының жүрек сезіміне бұрын қазақ сөзімен айтылып көрмеген көркем, шебер тіл бітіріп, жанындай жақын туысы бола келіп еді», – деп аяқтаған. «Бұрын қазақ сөзімен айтылып көрмеген» сезімдерді дала перзенттерінің жан жүрегіне ұялату Абай мұраты екенін анық аңғартады. Оған қоса Әуезовтің Абай туралы кезінде жарық көрмеген еңбектерінен ақын аудармаларының шын сипатын ашатын нақты бағаларды да табамыз. Бір тұста Әуезов былай дейді: «Общепризнанного, чтимого культурным обществом Пушкина (он) как бы считает равным себе. Поэт будто обращается к нему: «Нельзя ли не так, а этак сделать» [16, 64] . «Здесь речь идет о стихотворении: «Адамның кейбір кездері». (Оно) создано на основе чтения стихотворений Пушкина, Лермонтова «Поэт», «Поэту». Здесь Абай, создавая свои стихи на ту же тему, как бы соревнуется с ними» [17, 70-71], – дегені де болған. Тағы бір тұста Әуезовтің: «Бірақ Абай Пушкин емес. Жазғаны кем...» [16, 47], деп ордалы ойдың шетінен сол кезге шақтап ойып қана қоятыны да бар. Бұл пікірлерінің ешқайсысын Мұқаң кезінде бастырмаған... Кітапта жарияланса да жиі сілтеме жасалмай келе жатқан, ғылыми айналымға онша түсе қоймаған бұл тезистің абайтанудың дамуы үшін концепциялық мәні бар деп тануға болады. Данышпандықтың бір белгісі – адамның (қолбасының,

қайраткердің, суреткердің, ғалымның, т.б.) ешқандай беделге бас имеуі, өзін ешкімнен де кем сезінбеуі. Иә, Абай өзі аударуға қолға алған қай шығармаға да: «Иә... Бұл былай жазған екен... Қане, енді мұны мен көрейінші», – дегендей көңілмен кіріскендей болады да тұрады. Қай туындыдан да Абайдың түпнұсқаның авторымен жарысып, тайталасып, егер шындығын төтесінен тартар болсақ – бәсекелесіп отыратынын аңғару қиын емес. Данышпандармен данышпандар ғана, оның өзінде данышпан екенін сезініп үлгірген данышпандар ғана осылай тіресе алса керек. Төлтуманы төлтумадан асырып жіберу тек Абайдай құдіретті тұлғаның ғана қолынан келсе керек. Иә, Абай аудармаларында түпнұсқадан да асып түсетін тұстар ұшырасады. Бұл – әлем әдебиетіндегі сирек жайдың бірі.

Пушкинде:

Кто ты, мой ангел ли хранитель,  
Или коварный искуситель:  
Мои сомнения разреши.  
Быть может, это все пустое.  
Обман неопытной души!  
Но так и быть. Судьбу мою  
Отныне я тебе вручаю,  
Перед тобою слезы лью,  
Твоей защиты умоляю...

Абайда:

Шыныңды айт, кімсің тербеткен,  
Иембісің сақтаушы?  
Әлде азғырып, әуре еткен,  
Жаумысың теуіп таптаушы?  
Шеш көңілімнің жұмбағын,  
Әлде бәрі алданыс.

Жас жүрек жайып саусағын,  
Талпынған пығар айға алыс.  
Не болса да өзімді  
Тапсырдым сізге налынып.  
Толтырып жасқа көзімді  
Есірке деймін жалынып.



«Абай жолында» айтылғандай, осынау жолдар «Тіл емес, жүректің лебі. Лүпілдеп соққан ырғағы» ғой! Академик Зейнолла Қабдолов былайша ой толғаған болатын: «Осыны аудару үстінде ақынның өзі де самғап, шығанға шырқап, поэзия шыңына шығыпты. Асқақтап, серпіле көтеріліп алыпты. Қазақ әдебиетіндегі өзіне дейінгі өлең сөздерінен мүлде қара үзіп, ілгері кеткен. Бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің үлгілі өрнегі классикалық поэзияның сан дыбысты, сырлы, сиқырлы симфониясына өз үнін, өзгеден ерекше, тек өзіне ғана тән ғажайып сұлу үнін қосып, майда қоңыр саз тауыпты» [18, 329]. Жеріне жеткізіп-ақ айтқан. Бір заманда әлемдік поэзияның аударма антологиясы құрастырыла қалса, осы жолдардың сол кітаптан ойып тұрып орын алуына құқы бар деп ойлаймыз.

Немесе Татьянаның Онегінге айтқан соңғы жауабына құлақ түріңізші.

Жар табылмас сен секілді,  
Мен де сендей сорлы зар.  
Қол-аяғым берік бекіді,  
Енді ненің орны бар?  
Жат есікті және қорып,  
Жара салма сен маған.  
Жұрт жамандар жатқа жорып,  
Жалынамын мен саған.

Татьянаның: «Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған» дегені қандай нәзік қиылыс! Қазақ жүрегіне мұнан артық қалай жеткізерсің? Тағы да сол Онегінге: «Құдайдан болғай деп емі, Құдайыны мол бердім», дегені қандай қазақы! Ә.Кекілбаев «Өлмес, өшпес өжет жыр» атты мақаласында: «Ол кездегі орыс қоғамына мезгілінен бұрын отқа түсетін асығыс албырттық та, дүниедегінің бәрінен күдер үзген салғырт-самарқаулық та емес, бәрін де көріп, бәріне де төзіп бағатын, бірақ көкірегіндегі асыл арман мен бойындағы қымбат қасиетті төгіп-шашпай сақтай біліп, қорландыра-қордаландыра түсетін қайсар шыдам, салихалы сабыр керек еді. Сондықтан да ұлы ақын өзінің ең

басты шығармасында асқақ идеал ретінде арпалыс деп алас ұрған жалынды Ленскийді де емес, озбыр да опасыз дүниеден сырт айналған тәкаппар Онегинді де емес, қайда апарсаң да табиғи тазалығынан, қарапайым қалпынан бір танбайтын, өз көкірегін өртеп жатқан уыз сезімге де, өзгеге берген уәдеге де бірдей адал Татьянаны алға тосады. «Евгений Онегин» жазылған заманда бұдан асқан әлеуметтік оптимизм болуы еш қисынға келмес еді» [19, 410], – деп жазған болатын. «Евгений Онегиннің» Абай нұсқасы да аяулы Татьянаны сол аңсарлы мұрат биігіне асқақтатып әкете алады. Ғабит Мүсіреповтің: «Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» романының желісімен «Орыс қызы Татьяна» деп атарлық хатпен жазылған поэма жасады» [8, 115], – дейтін ойы – Абай аудармасының бітімін де, болмысын да әрі дәл, әрі нәзік аңдау. Абай үлгісі бойынша роман желісімен дастандар жазған халық ақындарының Татьянаны «Тәтіш», «Тәтішжан», «Нұр Тәтіш» деп аялай атайтындарының жөні бар.

Абайдың қазақ ұғымының табиғатын соншама сергек ескеретіні таң-тамаша қалдырады. Пушкин Татьянасының: «Хоть редко, хоть в неделю раз (В деревне нашей видеть вас», дейтін жерінде Абайдың Татьянасы: «Шыдар ем күйіп мен жанып), Айында бірер көрсем де», дейді. Неге? «Аптасына» дегізбей-ақ қойсын, ол кезде қазақ бұлай сөйлемеген, «жұмасына» демейтіні қалай Абайдың? «Неделяның» «ай» емес, «апта» екенін білетіні шүбәсіз ғой. Демейтіні – Абай өз жырын қазақ ауылындағы қыз-бозбалаға арнап жазып отыр. Дала дегеніңіз деревня емес, тым құрығанда апта сайын бір рет, жексенбіде жұрттың бәрі шіркеудегі мінежатқа жиналып жататын. Иен далада адамдар айында бір көріссе де қуанып қалысады. Әсіресе, қыз бен жігіт сирек ұшырасқан. «Жұрт жамандар жатқа жорып» – мұны қазақ баласы ұдайы ұмытпайды. Сөз арасында айта кетелік: даладағы қазақтардың жолыққанда амандық-саулықты тым-тым тәптіштеп сұрап қалатыны ол кісіні осыдан енді біразға дейін көрмейтінін білгендіктен болса керек...

«Қазақ әйеліне Абай тең тіл бітірмек. Сондықтан «Евгений Онегинді» алғанда, осы әйелдің үлгілі ішкі сезімін, жан құры-

лысын көрсетем деп алады» – Әуезовтің осы сөзінің де [16, 148] мәні үлкен. Қазақ әйеліне «тең тіл бітіру» де, әйелдің «жан құрылысын көрсету» де сол кездің әдебиеті үшін үлкен мәні бар міндеттер болатын. «Өйткені, Абай өз заманында қазақ жастарының махаббат сезімін тәрбиелеу жолында Татьяна образы арқылы әйел жүрегінің нәзіктігін, ғашықтық сезімнің қадір-қасиетін танып бағалауға баулуды мақсат етті» [20, 155]. Баяғыда Флобер тұтас роман («Воспитание чувств») арнап кеткен «сезім тәрбиесі» мәселесінің қандайлық маңызды екендігін бәрін базардың бейілі билеген бүгінгі күнгі рухани өмір толық көрсетіп беріп отыр. Бұл да – Абай кемеңгерлігінің бір тағылымы.

«Сезім тәрбиесі» дегеннен шығады, Пушкиннің романында да, туындының рухын бірден дәл аңдаған Абай аудармасында да әдептіліктің, әдеміліктің келісті көріністері көп-ақ. Пушкин де, Абай да айтатын нәрсені айтады, айтпайтын нәрсені айтпайды. Дүкенбай Досжановтың «Жұлдызда» [1999, №5] жарияланған «Пушкин рухымен сырласу» атты эссесінде Абай аудармаларының табиғаты туралы көкейге қонымды ойларын ортаға салғанын құптай тұра, Пушкин романындағы кей тұстарды қарабайырлау түсіндіргені көңілге келгенін жасырмаймыз. Оны кезінде [21, 67-70] жазғанбыз.

Академик З. Ахматов: «...ақынның аударма өлеңдерінің ешқайсысы оның төл шығармаларынан бөлекше, екінші қатардағы шығарма деп саналмауы керек. Абайдың ақындық шеберлігін, ойлау, бейнелеу өзгешелігін танытуы жағынан олардың мәні ешбір кем емес» [22, 166], – деп көрсеткен. Бұл сөздің мәні тереңде жатыр. Иә, аударылған өлең – аударған ақынның да өлеңі. Аударылған туынды енді сол шығарма тәржімеленген тілдегі әдебиеттің туындысы. Мысалы, «Онегиннің сипатын» «Пушкин өлеңі, аударған Абай» деп қалай ғана айта аларсыз! Әдетте осы өлеңнің «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген» деп басталатын алғашқы шумақтары мысал ретінде алына береді. Дұрысында Абай жазған Онегин сипатының әр жолы осындай.

Когда ж хотелось уничтожить  
Ему соперников своих,  
Как он язвительно злословил!  
Какие сети им готовил!

дегенді Абай былай алады:

Жасынан көрсе оны ақылы сасқан,  
Не сұрқия жандарың жұрттан асқан.  
Жеңуге, қор қылуға тағы да ұста,  
Өзіне күндес шықса, жол таласқан.  
Ажуаға, қорлауға тілі орамды,  
Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан.

Бұл сипаттан кейін, әрине, Онегиннің Ленскийге жасаған қысастығының бәрі де ұғынылады. Заты, Әуезовтің өзінде ақынның осы Онегин образын өзінше пайымдауы туралы сәл бір-жақты пікір қалыптасып кеткен сияқты. Қараңыз: «Абай Пушкин-кіндікінен бөлек етіп, опасыз жігіт етпей үлгілі жігіт, биязы қыз шығарды. Сүйіссең осылай сүйіс деген нәтиже шығармақ боп Пушкин шығармасының қонысын да, құбыласын да өзгертіп жібереді» [13, 271]. Бұл пікір Нығмет Ғабдуллинде де бар: «Абай қазақ жастарына үлгі етіп, опалы жігіттің таза сезімін бейнелеуді мақсат тұтқан» [23, 63]. Абай Онегинді идеал тұлғаға айналдырып жырлағандай әсер қалады бұл пікірлерді оқып отырсаңыз. Олай айтуға, әрине, негіз жоқ емес. Абай Онегинді Пушкиндегіден әлдеқайда жоғары көтере түскені рас. Дегенмен, Абай Онегинінің бойында Пушкин жасаған образдағы қайшылықтардың бәрі дерлік сақталғанын мойындамауға тағы болмайды. Г. Макогоненконың «Роман Пушкина «Евгений Онегин» деген кітабы осы образдың Д.И. Писарев, Ф.М. Достоевский пайымдауында орынсыз бұрмаланып кеткенін жақсы дәлелдеген. Ф.М. Достоевскийдің: «Тегінде, Пушкин өз поэмасына Онегиннің емес, Татьянаның атын қойғаны дұрыс болар ма еді, поэманың бас кейіпкері Татьяна екендігі талассыз ғой» [24, 447], деп жазғаны белгілі. Жоқ. Романның бас кейіпкері – Онегин. Татьянаның өзі Онегин образын аша түсуге қызмет етеді. Белгілі бір жағдайларға

байланысты Пушкин Онегінге артар жүгін толық арта алмай қалғаны кім-кімге де белгілі. Мысалы, оны декабристерге әкеліп қоспақ жоспары да болған. Роман «қуыс кеуде» Онегінге «халықтан шыққан» Татьянаның үкім шығаруы туралы емес деген пікір [25, 18] өте орынды.

Абай Онегин бойындағы қайшылықтарды жақсы қамтыған. Оған тек «Онегин сипатының» өзі ғана дәлел. «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, (Дәмеленсе, күндесе білдірмеген», «Емінер, «эй» дегізер, дайын қылар), Жүрегің қалай соқса, пайым қылар». Мұның астарында Пушкиннің Онегінге берген ғажайып анықтамасы да («Москвич в Гарольдовом плаще»), Татьяна атымен айтылатын күмәнді ой да («Уж не пародия ли он?») жатыр. Демек, Абай сипаттамасы Онегиннің трагедиясы оның өзінің бітім-болмысынан табиғи түрде туындайтынын салған беттен талассыз танытып тұр, ақын оқырманын соған алдын ала дайындап қоюды мақсат еткендей. Нұржан Наушабаевтың: «Адамның кісілігі болығынан...», дейтіні сол. Біздіңше, М. Бөжеевтің: «Абай Онегин-Татьяна арасында болған махаббатты өзінше айтып, олардың халін басқаша түсіндіргісі келеді. Сөйтіп, ол «Онегин мен Татьяна» деген тақырыпқа тыңнан шығарма жазуға бейімделген секілді. Пушкин тақырыбын алып, сол тақырыпты өзгеше айтып бергені байқалады» [8, 211], – деген ойымен келісу қиын. Тым болмаса «өзінше» десе бір сәрі. Жоқ, Абай Пушкиннен «өзгеше», «тыңнан шығарма» жазбаған. Ол «Пушкиннің ізінен көз айырмай» (Н.Ғабдуллин) отырды, тек бар айырмасы – «Онегин мен Татьянаны Сарыарқаның белінде беттестірді» (Т.Нұртазин), сондықтан сөз саптауын да даланың ұл-қызының сол кездегі ұғымына бейімдеп келтірді. Онегінге: «Михрабым сен, бас ұрамын, Тіл жете алмас ғүзіріңе», дегізетіні, Татьянаға: «Талақ етіп бұл ғаламды, Болды мәлім кеткенің», «Сен шошыдың ғашығыңнан, Өзге жұрттан қамшы жеп», дегізетіні сондықтан. Ысқақ Дүйсенбаев та кезінде осыны айтқан: «Сайып келгенде, өз заманындағы оқушы көпшілікке аударманы ұғымды ету үшін мұндай азды-көпті алшақтыққа Абай саналы түрде барған сияқты. Бірақ ол еш уақытта да Пушкиннің негізгі сарынын, рухын мүлде өзгертіп көрген емес. Қайталап айтсақ, Пушкинді

қазақшалағанда Абай қайтсе де оның тексіне тың жолдар енгізіп, өнер таластыруға немесе орыс ақыны тартқан желіні бұзып, соны тақырыпқа әдейілеп барған жоқ. Егер, ара-тұра, Пушкиннің түп нұсқасынан алшақтау кетсе қазақ оқырмандарының қамын жеуден туған өте заңды көрініс демекпіз» [26, 9].

Жалпы, бейненің о бастағы бітімін өзгертіп жіберу деген айтуға ғана оңай, дұрысында бұл шығарманы аударған адам тұрмақ, жазған автордың өзінің де қолынан келмей қалатын бір сиқыры болады. Шын талантты, шын табиғи жаратылған туындыда образдың талай-тағдыры өзінің ішкі заңдылығымен өріліп жатады. Әдебиеттанушы атаулының Пушкиннің: «Менің Татьянам тұрмысқа шығып кетті... Мен онан мұны ешқашан күтпеген едім!», – деп аң-таң қалып айтқан сөзін жиі ауызға алатыны да сондықтан...

Абай аудармасында адам таң қаларлықтай терең тұстар бар. Айталық, Татьянаның жаңа біз мысалға келтіріп өткен «Сен шошыдың ғашығыңнан, Өзге жұрттан қамшы жеп» дегені – романдағы ауыр ахуалдың бар сырын айқара аша алатын жолдар. Расында да, Онегиннің «ғашығынан шошынып» жүргені оның «өзге жұрттан қамшы жегенінің» салдары. Оның аты-жөнінің өзінен бастап, Ю.М. Лотман айтқандай, «ата-тегінің артықшылығын алған, сіңірген еңбегін алмаған» [27, 113] адамның сиқы көрініп тұр. Оның фамилиясының да мысқылы жетіп жатыр. Сол кездегі салт бойынша текті дворяндардың фамилиясы топоним болып келсе (мысалы, «Мещерский», «Можайский», «Звенигородский» деген сықылды), бұл олардың арғы тегі, ата-бабасы иеленген жерінің атына қатысты еді. Ал «Онегин» – гидроним... Ешкім де ұзын аққан өзенге, айдын шалқар теңіздей үлкен көлдерге басы бүтін ие бола алмайтыны мәлім ғой. Кейіннен орыс әдебиетінде Пушкин әсерімен Печорин (Лермонтов), Волгин (Бестужев-Марлинский) сияқты гидроним-фамилиялар қою, шығарма атауына кейіпкердің атын алу («Анна Каренина», «Обломов», «Рудин», т.б.) өзінше сәнге айналып кеткен.

С.Е. Шаталовтың «Герои романа А.С. Пушкина «Евгений Онегин» атты кітабында [28, 14-21] «Роли Онегина» деген тарау

бар. Абай аудармасы «Кейде паң, кейде көнгіш орныменен Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен» болып жүрген Онегиннің өмірде әр рөлді бір ойнайтынын, олардың өзін әр жерде әр қилы ойнайтынын көрсетумен шектеліп қалмайды, оның айналасы, ол ғұмыр кешіп жатқан қоғамның ырқы оған сол рөлдерді ойнатқызып қойғанын да ашып көрсетеді. Онегиннің болығын Герценнен дәл айту қиын. «Умная ненужность» – мұны тіпті аударудың өзі оңай емес! Романының соңында Пушкин өз кейіпкерін Татьянаның сотымен айыптай тұрып, «тобырдың» сотынан қорғайтыны да сондықтан. Әйтпесе, оның кейде «Жаның шошыр, ерлігі жаннан бөлек Кісіге балдан тәтті орны келген» болатынын да айтып тұр ғой Абай. Онегиннің қоғамнан көңілі қалып, әу баста сол қоғаммен бірге оның бел ортасында жүрген Татьянадай арудан бойын аулақ салатыны да сондықтан.

Бірге туған мен ағаңнан,  
Шын досыңмын, кем емес.  
Соққы жедім сұм заманнан,  
Бір жылы сөз ем емес.  
Арман етпе, жас күнің көп,  
Игілік көр, ерге бар!  
Бұл заманның қашқыны деп,  
Мен ғаріпті есіңе ал.  
Менде паңдық, жағ мінезден,  
Дәнеңе жоқ, жарқшымы.  
Осы жазған барша сөзден,  
Байқалынар бар шыным.  
Басы қатты, сұм жүрегін  
Тоқтата алмай кетті де.  
Сорға біткен көкірегін  
Сендіре алмай өтті де.

Татьянаның жігітке ынтықтығын айтып хат жазуының да, оған салқын жауап қатып, жас қыздың махаббат отына күйген жүрегін су сепкендей еткен Онегин шешімінің де көңілге нанымды, көкейге қонымды уәждемесін Абай Пушкиннің өзіндегіден кем келтірмеген деп кәміл сеніммен айта аламыз. Темірғали Нұртазин мұны тамаша түсіндірген: «Евгений Онегиннің» аудармасында

Абай Пушкинмен пікір жөнінен бірде қоян-қолтық келіп, бірде алыстап кетіп отырады. Қыздың ғашықпын деп жігітке хат жазуы, жиырма алты жастағы сылқылдаған Онегиннің қабылдамауы сияқты оғаш нәрселер Абай тұсындағы қазақ өмірінде жоқ еді. Бірақ адам теңдігін, пікір еркіндігін, жаңа өмірді арман еткен Абай ондай оқыс жаңалықты тосырқамайды, ықыласпен алып, рухтана аударады» [8, 130-131]. Иә, мәселе – «адам теңдігінде», «пікір еркіндігінде», «жаңа өмірде». Бүгінгіше саясиландырып сөйлесек, мәселе – «қазақ қоғамын демократияландыра түсуде»... Зейнолла Қабдолов жақсы айтқан: «Тақырыпты Пушкинмен қатарласа, жарыса толғайды. Соның нәтижесінде Абай бұл аудармасын өз өлеңдерінің нұсқасындай, өз оқырмандарының түсінігіне лайықтап шығарған. Осы арқылы қазақ қыздарына Пушкиннің Татьянасын үлгі етіп ұсынып, феодалдық қоғамдағы әйелді әлсіз, кем тұтар кертартпа көзқарасқа біржола үкім айтып, ескіліктің торын бұзып, орын талқандайды. Екінші жағынан қазақ жігіттеріне «әйел де өзіңнің теңің, тел өскен досың» деген өсиетін айтып, Онегиннің тағдырын Пушкинше қалдырмай, оны ажал аузына апарып, оқырманды содан сақтандырады» [29, 30].

Абай аудармаларының жанрлық табиғаты туралы көп жазылған. Алғашқы кезде оларды таза аударма түрінде қарастыру белең алса, кейінгі кезде нәзира үлгісі деп қарау басым болып келеді. Абай нұсқаларын аударма ретінде сөз ететіндер олардың негізінен түпнұсқаның талай тұсын дәлме-дәл алғанын, жекелеген жерлері ғана емін-еркін сыңайда жасалғанын көрсетеді. Нәзира деп табатындар Абайдың Пушкин жырынан өзіне керек деп таныған сарындарды күшейтіп, басы артық немесе қазақ қауымы қажетсіз деп санаған желілерді алып тастап отырғандарын айтысады. Бұл көзқарасты кезінде Әуезовтің өзі де қолдағаны бар. «Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма турасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше, өзгереді болған тәрізді. «Ескендір» поэмасының тақырып желісін Низамиден алып, көп өзгертіп жырлағаны тәрізді, Абай өзі білген, жақын Шығыс классикалық поэзиясында қолданылып жүрген «Нәзира» жолын қолдана түскен тәрізді. Аударған түпнұсқаның өзінде бар шындық пен



сырлардың, халдер мен қасиеттердің көбін арқау етіп ала отырып және де тың арман, мақсұттар қосады» [20, 157], – деп жазғаны бар. Осы тұста академик Сейіт Қасқабасовтың кезінде Абайдың «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі Низамиде емес, одан да әрі дәуірде жатқанын, ол шығарма – көне заманның ескерткіші –Талмудтағы мысал-әңгіме екенін жеріне жеткізе дәлелдеп бергенін [8, 224-237] айта кетелік. Зерттеуші «Абайдың нағыз ұлыларға тән диапазонын» ашып көрсеткен. Нығмет Ғабдуллин «Абайдың нәзира үлгісі» атты мақаласында [23, 50-72] жоғарыдағы екі көзқарастың ара-салмағын таразылай келіп: «Абайдың «Евгений Онегиннен» алып толғаған махаббат жырын нәзира үлгісімен жазылған лирикалық дастан деп атағанымыз мақұл», – деген тоқтам жасайды. Автор Абай Пушкин романындағы «оқиғаларды баяндауда, кейіпкерлердің ішкі дүниесін бейнелеуде өз сарынын танытады», «Жігіттің мінезіндегі осалдық жақтары айтылатын тұстарды қалдырып кетеді», «Абай өз жұртына түсініксіз бұл халдарды жыр өзегіне сабақтамаған», – деп ой түйіп, осылардың бәрін де нақты-нақты дәлелдеп шыққан. Соның өзінде де Абай жасаған үлгіні тек нәзира ауқымында қарастыруға көңілің бір түрлі қимайды. Нәзира ең әрі кеткенде «өнерге өнермен қайтарылған жауап». Мұхтар Мағауин Абайдың нәзираға даусыз жатқызарлықтай «Ескендірінің» өзінде «дара сыпат» бар деп тауып, «Бұл дара сыпат – ұлы ақынның кейіпкер кескіндеуінен ғана емес, идеялық тұғырынан ғана емес, бүкіл көркемдеу жүйесінен, шығармашылық болмыс-бітімінен танылады», – деп көрсеткен [8, 373]. Оның жанында бұл нұсқада Пушкин мәтінін ғажайып дәлдікпен жолма-жол түсірген тұстар да бар, бар ғана емес – көп, ең бастысы – Абай түпнұсқаның айтар ойын да, кейіпкерлердің бітімін де өзгертпеген, тек мұның бәрін сол кездегі дала жұртының ұғымына, қазақтың ұлттық менталитетіне ішінара бейімдеп жырлаған. Бұлай дегенде біз Нығмет Ғабдуллиннің анықтамасына біржола күмән келтірмек емеспіз. Ғалым өз ойын жеріне жеткізерліктей ой қисынымен, сыршыл жазушының шебер тілімен төгілте баяндай отырып дәлелдеп шыққанын айтып тұрмыз. Тек «ақиқат дәйім бел ортада

жатады» деген қағидаға да құлақ асуға болатынын, Абайдың «Евгений Онегині» аудармалық сипаты мен нәзіралық сипаты аралас дүние деп санайтынымызды ғана ескерте кетпекпіз. Бір жағынан осының өзі Абай шығармашылығының қандайлық құпиялары әлі де ашылмай жатқанын көрсетуімен де құнды (...).

Пушкин романынан алынған үзінділер Абайдың аудармадағы алғашқы қадамы деуге болатынын да ұмытпаған жөн. Бұған дейін Абай Лермонтовтан шағын-шағын үш үзінді ғана («Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға», «Бородино», «Әм жабықтым, әм жалықтым») аударып байқаған еді. Ақын мұнан кейін Лермонтовты тереңдетіп әкеткенде, сол арқылы Гетеге жетіп, Байронға барғанда, Крылов мысалдарын қолға алғанда нағыз көркем аударманың үздік үлгілерін көрсеткен. М. Әуезов те Абайдың Пушкиннен аударма жасаған тұстағы еркін кететін тұстарын осылай түсіндіретін: «Пушкинге Абайдың алғашқы аудармаға ауысқанда барған барысы сондайлық болса, енді Лермонтовтың шығармаларын аударуда Абай мүлде басқа сапаны көрсетеді. Бұл жөнде жалпы айтатынымыз, Абай анық шебер аудармашының өзі болып еңбек етеді».

Иә, Абай өз халқына Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін ұсынбаған. Абай романның жаңа нұсқасын жасаған. Ең алдымен, Абайдың романды хаттар үлгісінде түзуі «оқырманның әлі дайындығы жоқтығына» ғана байланысты емес. Абай өмір сүрген дәуірде қазақ ауылында қыз бен жігіттің хат алысып, хат берісуі, оны өлеңмен жазуы әбден-ақ әдетке сіңіп, бөлекше бір романтикалық сипатқа ие болған-ды. Абай оқырман (тыңдаушы) сұранысын дәл тауып отыр. Қазақ ақыны Пушкин романын классикалық аударма үлгісінде, толық күйінде, өлең өлшемін, ұйқас сипатын сақтап тұрып аударып шыққан күннің өзінде сол тұста оны дала жұрты дәл мына жырлардай жанына жақын тұтпас еді деп ойлаймыз. Осындағы 376 жолда Пушкин романының қазақ үшін ең қажетті, ең жаңашыл сарындары, тың рухы айқара ашылған, айшықты жеткізілген.

Жоғарыда айтқанымыздай, романның қазақша нұсқасының жанрлық табиғаты жөнінде қазақ әдебиеттануында едәуір мате-

риал қордаланып үлгерді. Мұның өзі ұлттық аударматанудағы көзқарастардың өзіндік бір эволюциясын да көрсетеді. Кезінде әуелде таза аударма үлгісі, эпистолярлық роман нұсқасы, қазақ қауымының қажеттіліктерін ескерген еркін аударма деген пікірлер белең алса, кейінірек Пушкин сарынымен жазылған нәзіралық шығарма деп бағалаған авторлар да болды, кейінгі кезде атымен тыңтуынды, толық төлтума деген баға да беріле бастады. Осы пікірлердің қай-қайсысының да өзіндік шындығы бар. Абай жасаған асыл нұсқаның белгілі бір анықтаманың аясына сыя қалмайтыны, қатқан қалыпқа дәл түсе қоймайтыны – ақын ұлылығының тағы бір айғағы (...).

Абайдың «Евгений Онегиннен» аудармаларында ақынның сөз сәйкестігінің де, бейне баламалылығының да, уәзін, екпін, ұйқас, интонация барабарлығының да үздік үлгісін жасағандығына мына жолдарды орысша-қазақшасымен текшелеп қойып шықсаңыз да көзіңіз жетеді. Қараңызшы:

Но так и быть. Судьбу мою  
Не болса да өзімді  
Отныне я тебе вручаю  
Тапсырдым сізге налынып.  
Перед тобою слезы лью  
Толтырып жасқа көзімді,  
Твоей защиты умоляю  
Есірке деймін жалынып.

Поэзия аудармасындағы ең қиын талаптың бірі – түпнұсқадағы екпін түсер ұйқасқан сөзді тәржімеде де екпін түсер ұйқасқан сөзбен келтіру. В. Брюсов мұны аудармашының хас шеберлігіне сынақтың үлкені деп білген. Абай аудармасы бұл жағынан да айызыңды қандырады. «Судьбу мою» – «өзімді», «слезы лью» – «көзімді», «вручаю» – «налынып», «умоляю» – «жалынып»...

Абайдағы нақтылыққа, сәйкестікке назар салайықшы. «Кто ты, мой ангел ли хранитель» – «Шыныңды айт, кімсің тербеткен, Иембісің сақтаушы?». «Ангел-хранитель» ұғымын дәл осылайша жатық жеткізу церковнославянизмдер табиғатын тамыршыдай тап басып танудың жемісі, әрине. «Или коварный

искуситель» – «Әлде азғырып әуре еткен, Жаумысың теуіп таптаушы». «Искушение» ұғымын «азғырып әуре ету» деп алған Абай «коварный» сөзінен сол «искусительдің» тұлғаны «теуіп таптайтын» сұмдығын сезіндіреді. «Мои сомнения разреши» – «Шеш көңілімнің жұмбағын», «Быть может это все пустое» – «Әлде бәрі алданыс». Эквивалентті дейсіз бе, эквиритмді дейсіз бе, адекватты дейсіз бе, дәлме-дәл дейсіз бе, жолма-жол дейсіз бе, тіпті сөзбе-сөз дейсіз бе – жалпы, аударма теориясындағы талаптардың бәріне бірдей жауап бере алатын шумақтар. Ал енді «Обман неопытной души...» деген жолдан әлемдік әдебиеттің, оның ішінде жер-жаһандағы жыр жауһарларының қандай антологиясына да қысылмай қосатындай, қосқанда да олардың ортасынан ойып тұрып орын алатындай: «Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар айға алыс» деп шығаруға тіпті айтар сөз жоқ.

Классиканың кемел көрінісі деп осындайды айтпасақ, нені айтамыз!

Сөз бар ма, мәселе, түптеп келгенде, шығарманың жанрлық анықтамасына тіреліп тұрған жоқ. Мәселе оның атында емес, затында дейтін болсақ, Абайдың «Евгений Онегині» қазақ сөз өнерін былай қойғанда, әлемдік әдебиеттегі қайран қалдырарлық құбылыстардың бірі екендігі талас тудырмайды. Мұны жаһан жұртшылығына дәлелдеп шығу – тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылымына жүктелер жауапкершіліктің бірі (...)

Айналып келгенде мәселе не нәрсенің де атында емес, затында ғой, әрине. Осылай қарасақ, Абайдың Пушкиннен аудармалары қазақ әдебиетінің тарихында аса үлкен орын алатын, ғажап құбылыс деп бағалауға лайықты екеніне бүгінде жұрттың бәрі де бір ауыздан қосылады. Мұны Төкен Әлімқұлов тамаша айтқан: «Абай аудармалары шығарманың контексті мен подтексті мейлінше терең түсінгендікті және соны қазақ ұғымына жат етпей, мейлінше жатық бере білушілікті танытады. Абай аудармалары тілімізді байыта түсті. Жаңа ұғымдар, тың теңеулер, эпитеттер, соны сөз орамдарын, сөз айшықтарын туғызды. Поэзиямызда жаңа ырғақ, жаңа әуен пайда болды. Ойлаудың бейнелі жаңа түрлері шықты» [2, 95]. Ал ойлауды өзгертуден артық қандай құдірет керек?!

Абай бұл сынақта, Пушкиндей құдірет дарынмен өнер жарысында өзінің даралығын даусыз дәлелдеді, алыптығын анық танытты. Жүз жылдан астам уақыттан бері ақын атаулыға аудармада да асуын алдыртпай келе жатқаны – Абайдың асқаралы биіктігінің бір белгісі (...).

Ендігі бір айтатын жай – «Евгений Онегиннің» қазақтың өлең өріміне еткен әсері. Басқа жағын былай қойғанда, 1887-88 жылдарға дейін Абай өлеңдері негізінен дәстүрлі қара өлең ұйқасымен жазылып келгенін, поэзиямызға Абай орнықтырып беріп кеткен, қазір бұрыннан бардай, тіпті төл ұйқасымыздай көретін шалыс ұйқастың өзі де алдымен «Татьянаның Евгенийге жазған хатында» қолданылғанын айтсақ та талай жайды аңғартамыз. Кейіннен Абайдың алты тармақты қамтитын ұйқасты (аабввбб), «Сегіз аяқтың» ұйқасын (аабввббгг) енгізгенінде де бір жағынан «Онегин шумағының» әсері болуы әбден ықтимал, өйткені, Пушкин романы арқылы сыртқы түрдің мазмұнға қандайлық әсер ететіні ақынға анық сезілген.

Абай шығармашылығына кезінде Әуезов атап көрсеткен үш бастау-бұлақтың бірі – орыс мәдениетінің ықпалы сол тұстағы саясатқа байланысты асыра айтылған деген сөзбен толық келісе беру қиын. Мәселені бұлай қою жөнсіз. Мәселені «сол кезеңде Абай шығармашылығының басқа бастау-бұлақтары – өлең-жырдың төл, таза халықтық арнасы мен Шығыстың дәстүрлі әдебиетінің ақынға әсер-ықпалы кемістеу айтылды», деп қою әлдеқайда дәлірек. Бұл жағын күшейтіп айтудың керектігі Абайға орыс әдебиетінің және сол арқылы батыс әдебиетінің игі ықпалын азайтып айту қажет еді деген сөз емес. Олардың бір-бірін толықтырғаннан, сөйтіп Абай жұмбағын аша түсуге септігін тигізгеннен басқа келтірер еш зияны жоқ. Қазақтың ұлы ақынының ең ғажайып жырлары оның Пушкин поэзиясымен жолыққан жылдарынан кейін жазылғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұл – ол өлеңдер Пушкин ықпалымен жазылған деген сөз емес, әрине. Бірақ, Пушкин поэзиясы Абайдың алдынан жаңа асулар ашқаны, өлең-жырға қояр талабын анағұрлым өсіре түскені талассыз.

Абайдың «Евгений Онегиннен» аудармалары – қазақ ақынының шын ұлылығының айқын айғағы.

## Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, 1996.
2. Өлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы, 1973.
3. Пушкин в тусской критике. – М., 1953.
4. Пушкин В.У. (1799-1949). Материалы юбилейных торжеств. – М.-Л., 1951.
5. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы, 1966.
6. России сердце не забудет. – М., 1986.
7. Бахтин М. Вопросы литературы. – М., 1975.
8. Абай тағытымы. – Алматы, 1986.
9. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағытымы. – Алматы, 1994.
10. Исмакова А. Казахская художественная проза. – Алматы, 1998.
11. Әдебиет және искусство. – 1952. № 7.
12. Абай. Энциклопедия. – Алматы, 1995.
13. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962.
14. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он сегізінші том. – Алматы, 1985.
15. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. – Алматы, 1997.
16. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы. 1988.
17. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері – Алматы, 1997.
18. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы. 1997.
19. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы, 1966.
20. Мырзахметов М. Әуезов және Абай. – Алматы, 1997.
21. Абдрахманов С. Біздің Пушкин. – Астана, 1999.
22. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы. 1995.
23. Абай және қазіргі заман. – Алматы. 1994.
24. Достоевский Ф.М. Собр. соч. в 10 томах. т. 10. – М., 1958.
25. Макогоненко Г. Роман Пушкина «Евгений Онегин». – М., 1963.
26. Дүйсенбаев Ы. Алғы сөз // Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. – Алматы. 1977. – 5-27-б.
27. Лотман Ю. Роман А.С. Пушкина «Евгений Онегин». Комментарий. – Л., 1983.
28. Шаталов С. Герои романа А.С. Пушкина «Евгений Онегин». – М., 1986.
29. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы, 1996.
30. Абдрахманов С. Төлтума мен төлтума зерттеу. – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-б.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмағамбетов И.Н. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап өткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сөз. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сөз. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сөйлеген сөзі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. – Астана: Күлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абдрахманов С. Төлума мен телума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы ағартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Өл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Өл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.



## МАЗМҰНЫ

|                                                                                 |     |
|---------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Тасмағамбетов И. Абай – пікіріміздің пірі,<br>рухымыздың туы.....               | 3   |
| Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға.....                                   | 9   |
| Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? .....                      | 14  |
| Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы .....                                   | 36  |
| Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем .....                                         | 64  |
| Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? .....                                  | 68  |
| Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында .....                                        | 75  |
| Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының<br>ұлы ағартушысы .....            | 100 |
| Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым .....                                       | 111 |
| Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы .....                               | 121 |
| Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы .....                                        | 135 |
| Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай .....                                             | 142 |
| Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған<br>басқа тілдер сөздігі .....             | 179 |
| Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс .....                                        | 218 |
| Досжан Д. Ақылдың қыры.....                                                     | 229 |
| Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін<br>оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы ..... | 246 |
| Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы .....                                          | 268 |
| Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....                            | 280 |
| Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер .....                        | 286 |
| Түсініктер .....                                                                | 296 |

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**  
**VI том**  
**Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

**ИБ№9135**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1511.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.